

Н.Ж. Сарсенбеков¹, А.С. Сағатова^{2*}¹Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан;²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: nursultan19820926@gmail.com, asem.sagatova@list.ru)

Қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі экзистенциалдық категориялар

Мақалада ұлттық рухани дәстүр контекстінде адам болмысының философиялық түсінігін айқындайтын қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі экзистенциалдық категориялар талданған. *Зерттеудің мақсаты* — қазақ ойшылдарының философиясы көшпелі және ислам өркениеттерінің тарихи-мәдени ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге заманауи экзистенциалдық дағдарыстар жағдайында адам болмысын түсінуге арналған әмбебап бағдарларды да қалыптастыратынын көрсету. Соған байланысты, Қорқыт дүниетанымындағы, Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарындағы, Ахмет Яссауи және Жүсіп Баласағұн, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектеріндегі адам болмысы, өмір мәнін іздеу, еркіндік пен таңдау мәселесі, адамның өзінің болмысы үшін жауапкершілігі, сондай-ақ ар, ұждан, тағдыр категориялары қарастырылады. Қорқыт Ата мұрасында өлім қорқынышын еңсеру және өнер арқылы мәңгілікке ұмтылу сарыны ерекше мәнге ие екені, әл-Фарабиде — шынайы болмыстың шарты ретінде қайырымды қала мен тұрғындар арасындағы үйлесімді концепциясы, Ахмет Яссауидің сопылық философиясында — рухани жол (тариқат) мен ішкі тазару идеясы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында — әділет, ізгілік және адам мақсат сияқты экзистенциалдық категориялар анықталып, оларға феноменологиялық талдау жасалды. Зерттеудің *әдістемелік* негізін мәтіндерді герменевтикалық талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс және феноменологиялық тәсіл құрайды. Бұл әдістер экзистенциалдық категориялардың әмбебап сипатын да, олардың ұлттық ерекшелігін де айқындауға мүмкіндік береді. Еуропалық экзистенциализм идеяларымен салыстыра отырып, бұл категориялардың әмбебап сипаты мен ұлттық ерекшелігі анықталды.

Кілт сөздер: экзистенциализм, адам болмысы, өмір мәні, еркіндік, ар, ұждан, қазақ ойшылдары.

Кіріспе

Қазақ халқының философиялық ойы — көшпелі дүниетаным дәстүрі, исламдық руханият және жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтар тоғысқан бірегей құбылыс. Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінде адам болмысының іргелі мәселелері көрініс табады: өмірдің мәні неде, адамның еркіндігі мен жауапкершілігінің шегі қандай, экзистенциалдық дағдарыстарды қалай еңсеруге болады және рухани үйлесімге қалай жетуге болады? Еуропалық философияда экзистенциалдық деп танылған бұл категориялар қазақтың интеллектуалдық дәстүрінде ұлттық мәдениет пен тарихи тәжірибемен тығыз байланыста өзіндік мазмұнға ие.

Отандық ғалым Ә. Нысанбаев бір кездері: «қазақ қоғамында да халқымыздың тағдырын түбегейлі қайта бағыттап, мемлекеттілігіміздің сақталуына баға жетпес үлес қосқан ұлы тұлғалар көп болды», — деп атап өткен болатын [1; 5]. Біз қай ойшылды зерттеу бағыты ретінде қабылдағанымызға қарамастан, бір шындық айқын болып қала береді: әрқайсысы өз дәуірінің куәсі. Алдыңғылардың рухани мұрасын бойына сіңіріп, болашақты болжай отырып, ойшыл кейінгі ұрпаққа өнегелі мұра қалдырады. Поэтикалық немесе прозалық түрде көрініс тапса да, оның шығармаларының мәні түптеп келгенде адам туралы және оның әлеммен қарым-қатынасы туралы ой толғау төңірегінде өрбиді.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандық сын-қатерлермен байланысты: тұлғалық бірегейліктің дағдарысы, рухани тұрақсыздық, мән іздеу мәселелері. Осындай жағдайда қазақ ойшылдарының мұрасына жүгіну — өз маңызын жоймаған әмбебап құндылық бағдарларын айқындауға мүмкіндік береді. Ар-ұждан, тағдыр, ізгілік, үйлесім мен еркіндік туралы философиялық ойлар өркениеттер арасындағы диалогқа да, ХХІ ғасыр адамы алдында тұрған сұрақтарға да жауап іздеуге негіз болады.

Қазақ ойшылдарының дүниетанымдарына қатысты бірқатар еңбектер бар болғанымен, олардың идеяларын экзистенциалдық тұрғыдан кешенді талдау қажеттілігі туындап отыр. Әсіресе, қазақ ойындағы экзистенциалдық категориялар сырттан енген түсінік қана емес, халықтың рухани тәжірибесінің табиғи көрінісі екенін көрсету маңызды.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: asem.sagatova@list.ru

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің өзегі ретінде түпнұсқалық мәтіндер, яғни қазақ ойшылдарының еңбектері қолданылады. Герменевтикалық әдіс ойшылдардың еңбектерін интерпретациялау үшін қолданылады. Герменевтикалық тәсіл олардың шығармаларындағы терең мағынасын ашуға, философиялық идеялары қалыптасқан тарихи-мәдени контексті талдауға мүмкіндік береді. Феноменологиялық талдау философиялық мәтіндерді тек тарихи құжат ретінде ғана емес, сонымен бірге бірегей адами тәжірибенің көрінісі ретінде қарастыруға бағытталған. Феноменология ойшылдардың еңбектеріндегі экзистенциалдық өлшемдерді — өмір мен өлімге қатынасты, таңдау мен жауапкершілікті түсінуді, ішкі үйлесім мен рухани жолды іздеуді — айқындауға жағдай жасайды. Салыстырмалы-тарихи әдіс қазақ ойшылдарының идеяларын еуропалық экзистенциализмнің негізгі өкілдерінің тұжырымдарымен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер қазақ ойшылдарының экзистенциалдық сұрақтарының табиғи көрінісін танып-білуге әрі оны әлемдік философиялық дәстүрге қосылған маңызды үлес ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Ортағасырлық кезеңдегі қазақ ойшылдары еңбектеріндегі экзистенциалдық категориялардың көрінісі

Экзистенциалшыл дәстүр өкілдерін талқылай отырып, ғалымдар экзистенциалдардық категориялардың болмысы неде тәріздес сұрақ көтереді: «олардың көпшілігіне ортақ экзистенциалдар ретінде «қамқорлық» (забота), «ұмыт қалу» (покинутость), «жатысину» (отчужденность), «абсурд», «үрей-қорқыныш», «жауапкершілік», «таңдау», «өлім» сынды паратерминологиялар көрінеді» [2; 42]. Батыс экзистенциализмінде өмірдің мағынасыздығына күйзелу, үмітсіздікке бой алдыру, тіпті өз-өзіне қол жұмсау секілді сарындар жиі кездесе, шығыстық, соның ішінде түркілік өмірмәндік философияда мәселе мүлде өзгеше қырынан ашылады. Ажал — мәңгілік болмыстың бастауы әрі онтологиялық тұрғыдағы шешуші өткел ретінде қарастырылады. Қазақ дүниетанымының негізінде де мәңгілік өмірді мойындаған трансценденттік ұстанымдар жатыр. Ортағасырлық түркі ойшылдығындағы экзистенциалдық сарын барлық түркі халықтарына ортақ архетиптік тұлға — Қорқыт Атаның дүниетанымынан айқын аңғарылады. Қорқыт Ата жеке адамның тәндік өлімінен кейінгі трансцендентті болмысты қобыздың мистикалық үні арқылы бейнелеп, өзінің күйлерінде онтологиялық уақыттылық пен мәңгілік тіршіліктің метафизикасын үндестіріп көрсетеді. «Қорқыт Атаның аңызына тоқталсақ, ол философиялық мазмұны терең, өмірсүйгіштік рухы өшпес аңыз. Мұны бүкіл әлем ғұламалары мойындайды. Тек мойындап қана қоймай, түркі жұртының өмір мен өлім туралы түсінігінің әдемілігіне, өмірге құштар рухының асқақтығына тамсана таң қалады. Мәңгілік нәрсе — өнер, шығармашылық, адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі» [3; 134]. Қорқыттың жырлары мен күйлері — трансценденттік пайымдаулардың көрінісі ретінде адам болмысының шексіз мүмкіндіктерін және оның шығармашылық құдіретін айшықтайды. Мұнда онтологиялық уақыттылық, болмыс пен өлімнің диалектикасы, сондай-ақ адамның трансценденцияға ұмтылысы терең бейнеленеді. Қорқыт Атаның басты әрекеті — барша адамзат арман еткен мәңгілік өмірді шындыққа айналдыру талпынысы еді. Егер материалдық пен руханилықтың арақатынасын салыстырар болсақ, өзгермелі әрі уақытпен шектелген материалды дүниеге қарағанда, Қорқыт Ата үшін мәңгілік өмірдің кілті — рухани әлемде еді. Рухани әлемнің тірегі саналатын өнер мен білім — адам еңбегінің мәңгілік жасампаздығы мен өміршендігін паш ететін құндылықтар. «Қорқыт туралы аңыз аса құнды әрі қызықты: музыка — адамның әр нәрсені жасап, шығара алатынын дәлелдейтін әрі ажалға қарсы тұра алатын, уақытты тоқтатуға не Мәңгілікті дәлелдейтін адам қабілетінің элементі. Осы тұрғыдағы өмірдің мәнін іздеуде рухтың еркіндігіне, бірлік пен қайырымдылықтың шырқау шыңына жетуді мақсат тұтқан түркілердің үлкен гумандық қатынасын аңғарамыз. Шынтауайтында, бұл Көшпенділер мен қала тұрғындарының рухани бірлігі, екі менталитеттің сембиозы — көшпелі идеалдардың мұрагерлері және Әбу Насыр әл Фараби сияқты Шығыстың көрнекті ойшылының пайда болуына мүмкіндік берді», — деп пайымдайды отандық ғалымдар Ә. Нысанбаев пен С. Нұрмұратов [4; 275].

Қорқыт Атаның күйлері арқылы біз оның табиғаттың тылсым күштерімен нәзикалық тілдесуге түскенін аңғарамыз. Бұл жайт көшпелі өркениеттің қалыптастырған «адам — әлем» онтологиялық қатынасында, табиғатпен үндесу мен оның құбылыстарына деген феноменологиялық қабылдаудың айрықша ықпалын көрсетеді. Қорқыт дүниетанымы — табиғат пен болмысты герменевтикалық тұрғыдан түсінудің үлгісі ретінде, қазақ философиясындағы экзистенциализмнің ұлттық ерекшелікке

бейімделген формасын танытады. Мұнда адамның болмысқа-ұмтылысы (being-in-the-world), трансценденттік тәжірибесі және уақыттылық феномені айқын көрініс табады. Қазіргі заманның негізгі мәселесі — өмір сүрудің өмірдің мағынасына, мәніне сәйкес келмеуінде жатыр. Және де экзистенциалистердің айтуы бойынша, өлім адам өмірін шектеуші және анықтаушы күш болып табылады. Қорқыт түсінігі өлім арқылы адам өмірінің көкжиегінің шектеулілігіне күмән келтіреді. Сөйтіп, адам болмысын шексіздікке жетелейді. Міне, даналықтың негізі қайда жатыр» [5; 25]. Көшпелі халықтың дүниетанымында өлім адам өмірінің шегін белгілейтін соңғы нүкте ретінде қарастырылмайды. Адамгершілік ұстанымдарын берік ұстанған жан теріс әрекеттерге бармайды, өзгенің хақысын жемеуге тырысады. Дәл осы адамгершілік қағидалар адамды күнәлі істерден сақтап, рухани тазалыққа жетелейді. Халық даналығы осы құндылықтарды дәріптеп, оларды болашақ ұрпаққа аманат етеді.

«Адам қанша талпынғанмен, әлем заңы адам баласын қашып — құтылмайтын өлімге әкелері хақ.

Кәні, мен мадақтаған бек, жарандар,

Дүние менікі дегендер,

Ажал дүние кімге қалды,

Келімді, кетімді дүние,

Ақыр соң ұшы өлімді дүние», – дейді Қорқыт [6; 26-27].

Қанша жерден ажалдан қашты дегенмен, Қорқыттың өзі бұл мәселеге келгенде, ажалсыз адам болмайтынын мойындап тұр. Адам көзі тек ажал арқылы тояды. Адам баласы мансаптың құрығын қанша иіргенімен, бұл жалғаннан өзімен қоса алып кетері жоқ. Бәрі — уақытша. Қорқыт Атаның философиялық пайымы — көшпелі өркениет пен исламдық өркениет арасын жалғаған герменевтикалық көпір іспетті. Оның мұрасы мәдени трансценденцияның көрінісі болып, екі дүниетанымның тоғысында пайда болған ноэтикалық синтезді паш етеді.

Көшпелілер өркениетінде қалыптасқан адам болмысына қатысты категориялар бізге бүгінгі өмірде әр мүмкіндікті тиімді пайдалануға және қазіргі сәттің оң ықпалын бағалай білуге бағдар береді. Мәселен, бақыт мәселесін терең талдаған ойшылдардың бірі — әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби. Оның «Ей адам, тар жерге сен таласа берме, мекенің — бүкіл ғалам, дүние» деген жыр жолдарынан адам мен әлемнің ажырамас байланысын айқын аңғаруға болады.

«948 жылы Мысырда жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» Әбу Насыр әл-Фарабидің танымал туындыларының бірі. Бұл еңбекте қала тұрғындарының бақытты өмірге қол жеткізуіне жағдай жасайтын жоғары билік пен басқару өнеріне көбірек көңіл бөледі» [7].

Әл-Фараби өмірге келген әрбір адам бақытты болу үшін өмір сүреді деп түйіндейді: «Бақыт — әрбір адам ұмтылатын мақсат...». Адамның бақытқа жету жолындағы күресінде үш түрлі жағдайды басынан өткереді. Олар: «1. Бұл — әрекеттер, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер, мысалы, орнынан тұру, отыру, көлікке мініп жүру, көру, есту үшін керекті әрекеттер. 2. Жан эффектілері. Мысалы, құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар. 3. Ақыл-парасат. Бұл үшіншісі адамның бүкіл өмір бойында болады немесе кейде болып, кейде болмайды» [8]. Әл-Фарабидің пайымдауынша, адамды бақытқа жеткізетін қасиет ол қайырымдылық жасауда. Бұл адамның адамға деген асқан мейірімділігін дәлелдейтін ерекше гумандық қарекет. Бұл жекелеген адамды ғана емес, адамзаттық игіліктерді мұрат тұтқан экзистенциалды — этикалық мақсаттағы ілім. Ойшылдың тікелей өзіне жүгінсек: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе — әдет болады, ал әдет, мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын. Жақсы мінез-құлықтың өзі де әдет арқылы келетін болғандықтан, біз әдеттене келе біздің жақсы мінез-құлқымызды тудыратын және сондай-ақ, онбаған мінез-құлқымызды тудыратын нәрселерді де әңгіме етуіміз керек» [9; 131-132]. Әбу Насыр әл-Фараби

дүниетанымының экзистенциалдық өзегін құрайтын, адам болмысына негіз болатын категориялар философиялық талдауда көркем мінез өлшемі арқылы айқындалады.

«Адам нақ осы ақыл арқылы адам болған...»; «Ақыл-парасат күші — адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» [10; 194]. Адам бар ғұмырын жинақтап келгенде, соңында өмірдің мәнін қалыптастыратын әрекеттерінің нәтижесін көреді. Бұл, өлім алдындағы адамның мәңгі-бақилыққа дайындығын көрсетеді. Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниетанымында адам үшін ең басты игілік оның бақытқа бөленуінде. Адам өмірінің мәнін анықтаушы күш осы бақыт. «Бақыт, – дейді әл-Фараби, — өз басың үшін көксейтін игілік; бұған ешбір жағдайда және ешқашанда басқа нәрсеге бола талпынбайды, өйткені (бақыттың) аржағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет — тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып — қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз, оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақытқа (жетуге) бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпайы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып — кемшілік, кесепат, пасықтық» [11; 179].

Әл-Фарабидің бақыт турасындағы түсінігі гедонизм талаптарына ұқсас болғанымен, оның тұжырымы адамзат игілігіне жол көрсететін терең категория. Бұл мәселеге байланысты отандық ғалым Ж.А. Алтаев ойшылдың дүниетанымындағы «қайырымды қала» мен «ұждансыз қала» тұжырымдамаларының айырмашылығын ашып көрсетеді: «Алмасу қаласының тұрғындары ауқаттылық пен байлыққа жету үшін бір-біріне көмектесіп, соны өмірдің мақсаты санайды. Ұждансыздық пен бақытсыздық қаласында адамдар өздерінің сезімдері мен қиялдарына әсер ететін ләззаттарды ғана бағалайды, көңілді көтеруге тырысады және ойын-сауықтардың түр-түрін ермек етеді. Данғой қаланың тұрғындары бір-біріне көмектеседі, бірақ тек құрметке бөлену үшін, оларды басқа халықтар біліп, мадақтап, сөзбен де, ісімен де даңқын арттыруы үшін, бір-бірінің алдында болсын, жұрттың алдында болсын, әйтеуір керемет болып көріну үшін. Билікқұмар қаланың тұрғындары өзгелерді бағындырып алуға ұмтылады, өздері ешкімге бағынғысы келмейді; олардың күш-жігері жеңіс сыйлайтын қуанышқа жетуге бағытталған» [12]. Қала — адамдардың бірлесіп тіршілік ететін ортасы болғандықтан, ондағы тәртіп, ортақ қағидалар мен заңдар адамдар арасындағы гуманистік қарым-қатынастарды реттейтін өлшемдер. Осы себепті, қала тұрғындарының іс-әрекеттері олардың өмірлік ұстанымдарын айқындайды. Әл-Фараби «қайырымды қаланы» жаны мен тәні сау адамның бейнесіне теңейді. Қалай адам үшін тән мен жан саулығы өмірдің ажырамас шарты болса, қала да өзінің қоғамдық құрылымында осы талаптардан алшақтамауы тиіс. Тек тұрғындар бір-бірімен адамгершілік қарым-қатынас орнатқанда ғана қаладағы тәртіп пен қоғамдық мүдделер толыққанды дамиды.

XI ғасырдың ұлы ойшылы Жүсіп Баласағұн да адамзатқа ортақ игілік пен құндылықтарды дәріптеген еңбектерімен танылған. Оның «Құтадғу білік» шығармасының түпкі мақсаты — адамды адамгершілік пен имандылық секілді асқақ қасиеттерге жетелеу. Бұл еңбектен адам болмысын қалыптастырудағы басты категорияның бірі — қанағатшылдық екенін айқын көреміз. «Құтты білікте»:

Кісі игісі былай деп ой бөледі:
«Демі барлар ақыр бір күн өледі».
Небір ерлер туып өмір сүрді де,
Түбінде өлді азды-көпті жүрді де.
Күй бек болсын, құлмен ізгі, жаман да –
Бері өліп, ізі қалған һәманда.
Тірі өледі, жер қойнында — жатағы,

Жақсылықпен өлсе — қалар атағы, – деп өмір-өлім қатынасынан туындайтын өмірмәндік сауалдарды қою арқылы, уақытша берілген өмірдің мағынасы турасында пайымдайды [13; 30-31]. Осы мақсатта түркілік ғалымдар А.Сüneyt, Ö.Özkan өз ұстанымдарын ұсынады: «Шын мәнінде, ол өмір сүрген кезенді және сол кездегі түркі мәдениеті мен өркениетінің жағдайын ескере отырып, Жүсіп Баласағұнды «данышпан» деп санау керек, ал оның еңбегін «Даналық кітабы» деп санау керек. Автордың және оның түркі мәдениеті үшін жұмысының маңыздылығын түсіну үшін оның исламнан кейінгі кезеңде исламға дейінгі білімді беру немесе өзгерту арқылы баға жетпес жұмыс жасағанын атап өткен жөн» [14].

Дүниетанымында экзистенциалдық категориялар жиі кездесетін келесі ойшыл Қожа Ахмет Яссауи. Ол орта ғасырлық Түркі дүниесі философиясының адам және оның өмірін мұсылмандық

шарттармен тоғыстыра білген сопылардың сұлтаны. «Ұлы Тұран өңірі әлемдік ғылымға үлес қосқан қанша танымал ғұламаларды дүниеге әкелген топырақ. Сопылардың түсінігінде «Кемел адам — өзінің құдаймен тұтастығын толық жүзеге асырған, яғни Алланың сипаты мен бейнесін қабылдап, оған бүгіндей ұласқан адам» [15; 25]. Ахмет Яссауи танушы түріктің зерттеушісі ғалымы Ибрагим Калын ойшылдың танымдық әрекетін былай деп сипаттайды: «Түркістаннан келген нір Қожа Ахмет Яссауи даналығы да әлемдік даналық жолындағы сирек аялдамалардың бірі. Оның даналық мұрасын еске түсіру біздің әлемдегі қараңғылық пен қатыгездікке көбірек енетін және ақиқат нұрының көбірек адамдарға жетуіне мүмкіндік беретін жолымызды жарықтандыратыны сөзсіз» [16; 145]. Ислам дінінің әлсірей бастаған кезеңінде Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикмет» еңбегін жариялап, Ислам әлемін қайта жандандырып, оны түркі жұртына кеңінен танытты. Діннің адам болмысын қалыптастырудағы орны айрықша, өйткені діни нормалар адамды теріс қылықтардан арылуға жетелейді. Жүрегінде иманы бар жан надандықпен күреседі, ал діннен ада адам шектен шығуға бейім болады. Яссауи өз еңбектерінде діни гуманизм арқылы осы мәселелерді қозғайды. Оның ілімі — экзистенциалдық тұрғыдағы рухани тазару мен адам жанына үңілуге, ар арқылы кемелдікке жетелеуге бағытталған тағылым. «Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанда көп тараған ағымы сопылық ілім осы Қожа Ахмет Яссауидің есімімен тығыз байланысты. Суфизм — ислам дінінің рухы, мәні, сананың өсуінің, жан тазарып, ар-ұят оянуының, рухани жетілудің белгісі, арлы, адал болу, Алланы сүйу, адамды сүйу» болса, Яссауи осы сопылыққа жеткен бірден-бір ойшыл. Ол суфизмнің ең биік сатысына өзі жетіп қана қойған жоқ, басқаларды да жеткізуге тырысты, осы мақсатпен әйгілі «Диуани Хикмет» кітабын жазды. Ақыл, даналық кітабы деп аталып келген бұл еңбекті араб, парсы тілдерінде жазылған құран мен мұсылман діні қағидаларын түркі халықтарына таныстыратын туынды деп қарау жеткіліксіз. Біз Яссауидің мақсаты тереңірек — адамға оның адами міндеттерін түсіндіру, өмірге келгендегі мақсатын анықтау, оның жүрегі мен рухын ояту деп түсінеміз» [17; 74].

«"Диуани Хикметтің" мазмұны осы қағиданы дәріптейді. Адамға мәнді өмірдің жолдарын көрсетуге Яссауиді жетелеген осындай сүйіспеншілік сезім еді. Адам болмысы — адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі жан дүниесін де көріктендірін тұратын көркем мінездер жиынтығы. Ахмет Яссауи хикметтерінде осы мәселе түбегейлі шешімін тапқан. Бұл, бір есептен өмірмәндік сауалдардың шешімін шығарар құндылықтар жүйесі. Ендеше, өмірден мән іздеген жандар үшін Ахмет Яссауидің «Хикметтеріндегі» экзистенциалдарды талдап көрелік» [18].

Экзистенциалдық категориялардың ішінде айрықша маңызға не ұғымдардың бірі — болмыс. Болмыс — адам табиғатын айқындайтын негізгі мән. Бар болудың (Dasein) экзистенциалдық-онтологиялық құрылымы уақытқа онтологиялық тұрғыдан тәуелді және соған негізделеді. Уақыт болмыстың көкжиегі ретінде өзінің өткінші, осы шақтық және келешектік модустарында болмыстың мәндік құрылымын айқындайды. Ғашықтық — болмыстың аутентикалық күйі, оның шынайы мәнін айқындаушы экзистенциал. Ол болмыстың ақиқаты ретінде көрініп, абсолютті шындыққа жетелейтін түпнегіздік құбылыс.

Ахмет Яссауи Жаратқанға шексіз асық болудан бұрын төмендегідей тәсілдерін ұсынады:

Шариғатсыз дәм бұйырмас тариқаттан,

Тариқатсыз дәм бұйырмас мағрипаттан.

Мағрипатсыз дәм бұйырмас хақиқаттан –

Баршасын да шариғаттан сұрамақ керек [19; 116].

Демек, шынайы ғашық болудың алғышарты болып есептелетін қасиеттер бар. Бұл категориялар ғашықтық феноменін толықтыратын экзистенциалдық өлшемдерді білдіреді.

Жаратушы адамзатқа жақсылық пен жамандықты айыра алатын сананы дарытты. Сондықтан адам баласы қайырымдылық пен зұлымдықты, ізгілік пен надандықты танып-біліп, ара жігін ажырата алады. Жаратушы тарапынан түсірілген қасиетті кітаптарға, сондай-ақ данышпандар қалыптастырған жалпыадамзаттық қағидаттарға жүгіну — адамды гуманистік әрекеттерге бағыттайды. Бұл жол адамға өзінің мәнін сақтап қалуға, өмірдің мағынасын түсінуге және өлімнен қорқынышты еңсеруге мүмкіндік береді. Ахмет Яссауидің хикметтері дәл осы идеяны меңзейді.

Өлім — адам өмірінің экзистенциалдық қырын ашатын орталық феномен. Өлім феноменін зерделеу арқылы өмірдің мәніне қол жеткізуге болады. Өмір мен өлім арасындағы шекаралық ахуалға тап болған адам бүкіл ғұмырын саралап, мағыналы мен мағынасыздың арасын ажырата алады. Демек, өлім — өмірдің мәнін ашатын тәсіл. Өйткені, бардың қадірін түсіндіретін — жоқ. Барды жоқ арқылы түсіну — табиғи заңдылық. Адам үшін бұл дүниелік өмір — «бар» болса, өлім — «жоқ» ретінде

қабылданады. Осыған сәйкес, өлім — «жоқ» ретінде тіршілікті — «барды» түсіндіретін құбылысқа айналады.

Алайда, Ахмет Яссауи өз хикметтерінде өмірдің мәнін тек өлімді «жоқ» ретінде қарастыру арқылы ғана емес, сонымен бірге өмірдің өзінде, тіршілік барысында түсінуді үндейді [20]. Яссауи дүниетанымында өлімнен қорқу ұғымы жоқ. Керісінше, өмірдің мәнін түсіне отырып, өліммен бетпе-бет кездесуге дайындық айқын көрінеді. Түркілік түсінікте өлім деген ұғым жоқ, оның орнына «қайтты» делінеді. Өлім ұғымы негізінен еуропалық дәстүрден келген. Түркі дүниетанымында өткінші мен мәңгіліктің арасындағы өту жолы — өмір жалғасының табиғи кезеңі болып есептеледі.

Абай Құнанбайұлы және Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектеріндегі адам болмысын құрайтын категориялар

Экзистенциалдық категорияларды Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінен де таба аламыз. Абай Құнанбайұлы:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек». Осы жолдарымен Абай нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, адамға мейірімді жүрек те қажет екенін айқындайды. Жүрек — мейірім мен адамгершіліктің бастауы. Абай: «*Жүрек бәріне қожса болсын*» деп қайта ескертеді. Бұл қағида адам өмірінің үйлесімділігі мен тазалығы ұлы ғаламның өміршеңдігін бейнелейді. Ол атап өткен үш қасиетті әрдайым бірлікте қарастырғанымен, ақыл мен қайраттың жүрекке бағынуы тиіс екенін атап көрсетеді. Мұндай түсінік қазақ халқының өмірлік тәжірибесінен туындаған даналықтың көрінісі.

Хақім Абай өзінің *Отыз сегізінші қара сөзінде* адам болмысына кереғар, теріс экзистенциалдық қырларды да айқындайды:

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшінші — залымдық деп білесің. Надандық — білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады. Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады. Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...» [21; 479]. Адам болмысына тән надандық, жалқаулық, зұлымдық сынды теріс қылықтардан арылудың жолы бар. Қандай жағдай болмасын, бұл түйіндерді шешетін кілт түптеп келгенде адамның өз қолында.

«Қазақта қара сөзге дес бермеген» ғұлама философ халық фольклорының терең мәнін және рухани даналығын аса шебер пайдалана білді. Әсіресе, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, өсиеттік тұжырымдарды қолдану әдісі ерекше еді. *Қара сөздеріндегі* көптеген сөз тіркестері мен ой түйіндері мақал-мәтелге тән ықшамдылығымен және шешендік сөздің қуатымен үндеседі. Дегенмен, Абайдың ой-толғаныстары бұрын-соңды болмаған жаңа мақсатқа бағытталды: халық даналығына негізделген моральдық-этикалық философия жүйесін қалыптастыру; ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті тәрбиелеудің және шыңдаудың арнасын жасау; сондай-ақ, білім мен ғылымды өркениет төрінен орын алатындай деңгейге көтеріп, жаһандық бәсекеге қабілетті етуге негіз қалау [22; 47]. Жоғары болмысты тану, өзгені түсіну, өз болмысыңды ұғыну — мұның барлығы тек махаббат құбылысы арқылы жүзеге асады. Осы үдерістердің барлығын біріктіріп, реттеп отыратын түпкі қағида — адамзаттың меңгерген білімі мен ғылымы. Ойшыл мұндай ілімді үйренудің және оны толық игерудің нәтижелерін де терең талдайды. Шын мәнінде, қазіргі заманның ақиқаты Абайдың даналық ойларының дұрыстығын айқын дәлелдеп отыр:

Өзіне сен, өзіңді алып шығар

Ақылың мен еңбегің екі жақтап, – деп қайырады «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» деген өлеңінде [21; 265].

Хақім Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде қуыс кеуде, экзистенциалдық вакуумге түскен жандарға қатысты ойын ашық жеткізеді:

Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ

Күлкішіл кердең наданның.

Көп айтса көнді,

Жұр тайтса болды,

Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз

Болмаған соң, айтпа сөз [21; 137]. Қарастырылып отырған поэтикалық жолдарды Мартин Хайдеггердің «das Man» [23; 126] ұғымымен салыстырмалы тұрғыда талдауға болады. Бұл ұғым — нақты мақсаты мен ұстанымы жоқ, болмашы нәрселерге алданып, өзін көптің анонимділігіне сіңіріп жіберген болмысты білдіреді. М. Хайдеггер еңбектерінің орысша аудармаларында das Man жиі «неподлинное бытие» («түпкілікті емес болмыс») немесе қарапайым тілмен «Люди» («адамдар») деп берілген. Алайда «адамдар» сөзін теріс экзистенциалдық мәнде қолдану қисынсыз көрінеді, өйткені ол жалпы адамзат табиғатына жағымсыз реңк береді. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың тобыр ұғымы анағұрлым дәл сәйкес келеді, себебі ол жалпы адам баласын емес, саналы ойсыз, бейрефлексиялық көпшілікті білдіреді.

Das Man-ның мәні адамның «бәрі солай істеп жатыр» деген себеппен әрекет етуінен көрінеді. Мұндай жағдайда индивид өзінің шынайылығынан айырылып, өзін көптің арасына жұтқызып жібереді. Бұл құбылыстың қазіргі заманғы айқын мысалдарының бірі — несие алу әрекетінің қоғамда кең таралуы. Жауапсыз қарыз алушылар санының күннен-күнге өсуі бұл үрдісті әлеуметтік дертке айналдырды. Мұнда das Man — басқалардың жетегінде кетіп, сыртқы қысымға еріксіз мойынсұнып, дербес шешім қабылдаудан айырылған тұлға бейнесінде көрінеді. Бұл құбылыс, өз кезегінде, Абайдың «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» өлеңіндегі көпшіліктің ойсыздығын сынауымен үндес келеді. Абай мұнда көптің ықпалына сыни көзқарассыз мойынсұнудың қауіптілігін айқын көрсетеді:

Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,

Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе? [21; 265]. Бұған қоса 37-ші кара сөзінде: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» [21; 468]. Абайдың философиялық тұжырымында адам болмысының қалыптасуы отбасы, туыстар, достық қатынастар мен әлеуметтік ортаның ықпалынан ажырамас құбылыс ретінде қарастырылады. Абайдың ой-толғаныстарында өмірдің шектеулілігі, қысқалығы және оның бір-ақ рет берілетіндігі де айрықша мәнге ие. Экзистенциалдық ойға шому барысында адам босқа өткізген күндерін еске алып, жасаған қателіктері мен олқылықтарын саралайды да, өзін-өзі тану арқылы тіршіліктің жаңа кезеңіне қадам басады.

Қазақ даласының аумалы-төкпелі, өтпелі кезеңінде өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай мектебінің ең көрнекті мұрагерлерінің бірі ретінде танылады. Оның дүниетанымындағы қайталанып отыратын экзистенциалдық тақырыптар сол дәуірдің күрделі тарихи жағдайларымен сабақтас. Тағдыр мен таңдау мәселесін қарастыру барысында Шәкәрім мынадай философиялық пайым жасайды:

«Кейбіреулер өмірді қу, жалған деп жазады. Мен де бұған ерін түшіркеніп көп жаздым. Шындығында алдаған өмір емес, өзінді-өзің екеніне көз жеткіздім. Бәрін Құдай қылды деген сөзге ерме» [24; 62-64]. Бұдан хакім Абай меңзеген экзистенциалдық бағдарды аңғарамыз. Шәкәрім пайымына жасалған герменевтикалық талдау оның негізгі онтологиялық түйінін ашып береді: адам болмысы әуел бастан Dasein ретінде айқындалып, оған таңдау еркіндігінің бастапқы мүмкіндігі дарытылған. Еркіндіктің құдайлық сый екенін түсінген жан өзіндік субъектілік әрекет ету қабілетіне ие болады, алайда мұндай таңдаулардың этикалық жарамдылығы — аутентикалық немесе жалған, ізгі немесе қате болуы — тек уақыттық болмыстың кеңістігінде ғана айқындалады. Егер адам баласы осы іргелі еркіндіктен айырылар болса, өмірдің өзі қисынсыздыққа құлап, нағыз «абсурдтың» көрінісіне айналар еді.

Шәкәрімнің үнемі сілтеме жасайтын ар қағидасы осы еркіндіктің мәнін ашуға бағытталған феноменологиялық іргетас ретінде қарастыруға болады. Ар сотын ескеру арқылы адам жауапкершілікті моральдық субъектіге айналады, өзінің тіршілігін құрайтын жобалары мен әрекеттеріне есеп беретін тұлғаға айналады. Керісінше, егер адам еркіндігі жойылып, тағдыр алдын ала детерминизм тұрғысынан кесіліп-пішілген болса, онда экзистенциалдық болмыс өзінің аутентілігін жоғалтып, мәнсіз фактылыққа түсіп қалар еді. Шәкәрім бұл философиялық ұстанымын «Бәйшешек бақшасы» атты өлеңінде ерекше айқындықпен поэтикалық тұрғыда өрнектейді:

Тумақ, өлмек — тағдырдың шын қазасы,

Ортасы — өмір, жоқтық қой екі басы.

Сағымдай екі жоқтың арасында,

Тіршілік деп аталар біраз жасы,

Енді өмірдің қызықты қай арасы,
 Өлімді ойлап сіңе ме ішкен асы?
 Оны ұмытып, өлместей өзеленер,
 Өлі тірі жүргендей түп атасы, – деп түйіндейді [24; 154-155].

Ойшыл уақыт модустары төңірегіндегі толғаныстар арқылы өмірді соңы жоқ, мәңгілік ретінде қабылдайтындарға үлгі ұсынады. Бұл тұста трансцендентті толғаныстардың ішіндегі ең басты аспект — ажалды еске алу («өлімге қарай болмыс»). Мұны драматизм ретінде қабылдаудың қажеті жоқ; қайта, оны болмыстың жаңа сатысына бастайтын, болымды істерге жетелейтін қадам ретінде түсінуіміз орынды. Бұл пайымдардан шығатын түйін неде? Мұнда батыс философиясындағы *essentia* («мән») ұғымымен сабақтастық байқалады. Шәкәрімнің «Үш анығында» көтерілген мәндердің бірі — Ұждан. Ол, бір жағынан, көшпелі қазақ дәстүріндегі ар-ұят ұғымдарының синтезі, екінші жағынан, исламдық иман, имандылық категорияларымен сабақтасқан синкреттік ұғым. Осы тұрғыдан алғанда, экзистенциалдық сауалдар мен этикалық категориялар бір-бірімен тоғысады. Шәкәрім ұсынған Ұжданның құрамына «әділет», «мейірім», «ынсап» тәрізді моральдық категориялар енеді. Бұл ретте, батыс ойшылдары көрсеткендей, ең алдымен *existentia* (болмыс, тіршілік ету фактісі) мәселесін күн тәртібіне қою қажет. Ал Шәкәрімше айтқанда, ұждан қағидасына сай өмір сүру арқылы барып, түпкі мән — *essentia* ашылады. Демек, «Үш анық» трактатының басты құндылықтарының бірі осы: өмірмәндік (*meaningoflife*) сұрақтарға жауап беру жолын көрсетуімен бірге, шешімін де айқындап беруінде [25; 56].

Талқылау және нәтиже

Зерттеу нәтижелері қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі экзистенциалдық категориялардың еуропалық экзистенциализммен идеялық үндестігін ғана емес, олардың ұлттық-мәдени ерекшелігін де айқын көрсетті. Еуропалық дәстүрде экзистенциалдық мәселелер көбіне жеке тұлғаның жалғыздығы, абсурд яки еркіндіктің трагедиялық сипаты тұрғысынан қарастырылса, қазақ ойшылдарының еңбектерінде бұл категориялар рухани үйлесім, моральдық жауапкершілік және діни тұрғыда зерделенеді.

Қорқыт дүниетанымында ажалды жеңу, Ахмет Ясауи ілімінде рухани жол, Кәміл мұсылман, Абай, Шәкәрім еңбектерінде ар-ұждан идеясы — барлығы экзистенциалдық дағдарысты еңсерудің этикалық және рухани жолын ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ ойшылдарының философиясы экзистенциализмнің пессимистік қырын жұмсартып, адамға үміт пен өмірлік мән ұсынатын адамгершілік бағытты айқындайды.

Сонымен қатар зерттеу қазақ философиясындағы экзистенциалдық категориялардың сырттан енген ұғым емес, халықтың тарихи санасы мен рухани пайымдауларынан туындаған дүниетаным екенін дәлелдейді. Мұндай категориялардың қалыптасуына ерекше ықпал еткен көшпелі өмір салты, исламдық дүниетаным және даналық ойлау жүйесі.

Қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі экзистенциалдық категорияларды талдау олардың философиялық мұрасын әлемдік экзистенциалдық ой кеңістігінде маңызды орынға қояды. Бұл мұра қазіргі заман адамы үшін де өзектілігін жоймаған, адам болмысының мәнін, рухани тұрақтылық пен моральдық жауапкершілікті ұғынуға бағытталған әмбебап бағдар ретінде бағалануы тиіс.

Зерттеу нәтижелері қазақ ойшылдарының еңбектерінде экзистенциалдық категориялардың жүйелі әрі көпқырлы түрде қалыптасқанын көрсетті. Адам болмысы, өмірдің мәні, еркіндік пен жауапкершілік, ар-ұждан, тағдыр және өлім мәселелері әр ойшылдың дүниетанымында өзіндік ерекшелікпен көрініс тапқанымен, олардың барлығын біріктіретін ортақ өзек — адамды рухани кемелденуге бағыттайтын ішкі ізденіс идеясы.

Қорқыт Ата мұрасын талдау барысында экзистенциалдық мазасыздық пен өлім мәселесінің орталық орында тұрғаны анықталды. Қорқыт дүниетанымында өлім — адам болмысының трагедиялық шегі ғана емес, сонымен бірге өмірдің мәнін айқындайтын фактор ретінде түсіндіріледі. Оның мәңгілікке өнер арқылы ұмтылуы адам болмысының уақытша екендігін мойындай отырып, экзистенциалдық үрейді шығармашылық арқылы еңсеру талпынысын білдіреді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесінде экзистенциалдық категориялар әлеуметтік-этикалық контексте көрініс табады. «Қайырымды қала» концепциясы адамның болмыстық кемелденуін қоғамдық үйлесіммен тығыз байланыстырады. Әл-Фараби үшін адамның еркіндігі мен бақыты жеке таңдау нәтижесі ғана емес, ақылға негізделген ортақ игілікке қызмет ету арқылы жүзеге

асады. Бұл тұжырым экзистенциалдық жауапкершілік ұғымын рационалдық және этикалық деңгейде негіздейді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында экзистенциалдық категориялар этикалық-саяси сипатта жүйеленген. Әділет, ақыл, қанағат және қанағатшылдық адам болмысының үйлесімді моделін құрайды. Адамның тағдыры оның моральдық таңдауларымен тікелей байланыстырылады, бұл еркіндік пен жауапкершілік мәселесін айқын көрсетеді.

Ахмет Яссауидің сопылық ілімінде адам болмысы рухани тәжірибе арқылы ашылады. Феноменологиялық талдау Яссауидегі «ішкі тазару», «нәпсіні тыю», «хаққа жақындау» идеяларының экзистенциалдық мәнін айқындайды. Мұнда адамның өмір мәнін іздеуі сыртқы элементтен емес, өзінің ішкі рухани әлеміне үңілу арқылы жүзеге асады.

Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде экзистенциалдық мәселелер терең философиялық рефлексия деңгейіне көтерілген. Абайдың «толық адам» ілімі ар-ұждан мен жауапкершілікке негізделген адам болмысының моделін ұсынса, Шәкәрімнің «ар ілімі» адам өмірінің мәнін моральдық жауапкершілікпен байланыстырады. Бұл ойшылдардың еңбектері экзистенция ұғымы адамның өзін-өзі тануы мен рухани кемелдену үдерісі ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Ұлттың қамын жеп, елдің тыныштығын ойлаған тұлғалар этикалық императивімен, гуманистік құндылықтарымен және онтологиялық тұтастығымен ерекшеленеді. Өткен дәуірлер тарихындағы аумалы-төкпелі оқиғалар адам болмысының тарихилығы мен уақыттылығын айқын көрсетсе, олардың іс-әрекеттері ұлттық мүдде мен коллективтік болмыс феноменінен туындайды. Қазақ халқының ноэтикалық санасы мен мәдени болмысы шешендер, жыраулар мен ойшылдардың шығармашылығында көрініс тауып, ұлттық сананың әрқашан жоғары тұғырда тұрғанын айғақтайды.

Бұл зерттеуде Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Абай және Шәкәрім еңбектеріндегі адам болмысын құрайтын экзистенциалдық категориялар қарастырылды. Олардың дүниетанымына герменевтикалық талдау мынадай қорытындыларға алып келеді:

- экзистенциалдық категориялар қоғамдағы этикалық нормалар мен аксиологиялық бағдарларды айқындайды;
- олардың ұсынған ұғымдары логос қуаты арқылы экзистенциалдық дағдарыстарға терапиялық мән бере алады;
- «Кәміл мұсылмандық» ұғымы махаббат метафизикасына барып тіреледі;
- жоғары болмыс пен адам болмысына қатысты сауалдарға діни-экзистенциалдық герменевтика тұрғысынан жауап іздеуге мүмкіндік туады.

Адамгершіліктің алтын қазығына айналған ізгі мінездер экзистенциализмнің тұрақты категориялары әрі Dasein-ның аутентикалық мәнін айқындайтын негізгі факторлар. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары қалыптастырған адам болмысының сатыларын еуропалық ойшылдардың идеяларымен салыстыра отырып, компаративистік талдау жасау маңызды нәтижелер береді. Ойшылдардың дүниетанымы экзистенциалдық категорияларды негізгі бағдар ете отырып, адам болмысы мен өмір мәнінің рухын танудың трансценденттік жолдарын көрсетеді. Оны танып-білу және игеру — біздің рухани парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нысанбаев Ә. Төл дүниетаным елегінен өткізген / Ә. Нысанбаев // «Ақиқат» журналы. — 1998. — № 2. — Б. 5.
- 2 Кулсариева А. XX ғасырдағы Батыс философиясының тарихы / А. Кулсариева. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 69 б.
- 3 Байтенова Н. Қорқыт ата Ұлы Даланың киелі феномені ретінде / Н. Байтенова, Ф. Камалова, Ж. Қантарбаева, В. Шимшек // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. — 2019. — № 2. — Б. 66.
- 4 Нысанбаев А.Н. Духовно-ценностные ориентиры тюркской и казахской ментальности / А.Н. Нысанбаев, С.Е. Нурмуратов // Формирование казахстанской идентичности: проблемы и перспективы: сборник материалов Международной научно-практической конференции. — Алматы, 2019. — Б. 272–279.
- 5 Сарсембин Ү.Қ. Қазақ интеллигенциясы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде (әлеуметтік-философиялық талдау): филос. ғыл. канд. ... дисс.: 09.00.13 – әлеуметтік философия / Ү.Қ. Сарсембин. — Алматы, 2008. — 32 б.
- 6 Қорқыт Ата. Оғыздардың батырлық эпосы / Қорқыт Ата; ауд. Ә. Дербісәлин. — Алматы: Қазақстан, 1993. — 64 б.

- 7 Бижанова М.А. Әл-Фараби шығармаларындағы ізгілікті қоғам идеясы / М.А. Бижанова // Шығыстың ұлы ойшылы, «Әлемнің екінші ұстазы»: Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған Республикалық конференция материалдары. — Талдықорған, 2020. — Б. 28–32.
- 8 Ысқақұлы Д. Ғұлама философиясындағы бақытты адам концепциясы [Электрондық ресурс] / Д. Ысқақұлы. — Қолжетімділігі: <https://bilimdinews.kz/?p=115641>.
- 9 Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап / Әбу Насыр әл-Фараби // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2018. — 936 б.
- 10 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар / Әл-Фараби. — Алматы, 1973. — 347 б.
- 11 Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап / Әл-Фараби. — Алматы, 2015. — 855 б.
- 12 Алтаев Ж.А. Әл-Фараби билік философиясы [Электрондық ресурс] / Ж.А. Алтаев. — Қолжетімділігі: <https://al-farabi.kaznu.kz/?p=71>.
- 13 Баласағұн Ж. Құтты білік / Ж. Баласағұн. — Алматы: BRK Press, 2021. — 572 б.
- 14 Cüneyt A. Values of Honesty and Integrity in Kutadgu Bilig / A. Cüneyt, Ö. Özkan // Bilig, Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi. — 2017.
- 15 Нысанбаев Ә. Диуани хикмет даналық қазынасы / Ә. Нысанбаев // «Ақиқат» журналы. — 1998. — № 7. — Б. 24–32.
- 16 Kalın İ. Noca Ahmed Yesevi, Hüküm ve Hikmet / İ. Kalın // Bilig, Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi. — 2017. — S. 1–14.
- 17 Нұрышева Г.Ж. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісі: филос. д-ры (PhD) ... дисс.: 09.00.13 / Г.Ж. Нұрышева. — Алматы, 2002. — 270 б.
- 18 Сарсенбеков Н. Ахмет Ясауи хикметтерінің экзистенциалдық сипаты / Н. Сарсенбеков // Адам әлемі. — 2021. — Т. 90, № 4. — С. 43–52.
- 19 Исасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Даналық кітабы) / Қожа Ахмет Исасауи, қазақ тіліне ауд. Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова; ғыл. ред. қараған Р. Исмаилов. — Тегеран: «Әл-Хұда» халықаралық баспасы, 2000. — 455 б.
- 20 Sarsenbekov N. Ahmet Yesevi'nin hikmetlerindeki varoluş kategorileri yorumuna yöneltimsel yaklaşım / N. Sarsenbekov, A. Abdina // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. — 2023. — Vol. 106. — S. 265–276.
- 21 Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық жинағы / Абай Құнанбаев; ред. Ә. Жиреншин. — Алматы, 1961. — 692 б.
- 22 Тұрсынбаева А. Абай дүниетанымының экзистенциалдық сипаты: филос. ғыл. канд. ... дисс.: 09.00.13 / А. Тұрсынбаева. — Алматы, 2005.
- 23 Хайдеггер М. Бытие и время / М. Хайдеггер; пер. с нем. В.В. Библихина. — Харьков: Фолио, 2003. — 503 с.
- 24 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Ш. Құдайбердиев. — Алматы: Жазушы, 1988. — 560 б.
- 25 Сарсенбеков Н.Ж. Қазақ дүниетанымының экзистенциалды толғаныстары: филос. д-ры (PhD) ... дисс.: 81002201 / Н.Ж. Сарсенбеков. — Астана, 2024. — 120 б.

Н.Ж. Сарсенбеков, А.С. Сағатова

Экзистенциальные категории в трудах казахских мыслителей

В статье анализируются экзистенциальные категории в трудах казахских мыслителей, раскрывающих специфику философского осмысления человеческого существования в контексте национальной духовной традиции. Цель исследования — показать, что философия казахских мыслителей отражает не только историко-культурные особенности кочевой и исламской цивилизаций, но и формирует универсальные ориентиры для понимания человеческого бытия в условиях современных экзистенциальных кризисов. В связи с этим рассматриваются идеи Коркыт Ата, аль-Фараби, Ахмета Ясауи, Жусипа Баласагуна, Абая Құнанбаева и Шакарима Құдайбердіұлы, связанные с проблемами человеческого существования, поиска смысла жизни, свободы и выбора, ответственности человека за собственное бытие, а также категориями совести, чести и судьбы. Рассматривается, что в наследии Коркыт Ата особое значение имеет мотив преодоления страха смерти и стремления к вечности через искусство; у аль-Фараби — концепция добродетельного города и гармонии между его жителями как условие подлинного бытия; в суфийской философии Ахмета Ясауи — идеи духовного пути (тарикат) и внутреннего очищения; а в поэме Юсуфа Баласагуна «Кутадгу билиг» выявлены такие экзистенциальные категории, как справедливость, добродетель и человеческое предназначение, которым дана феноменологическая интерпретация. Методологическую основу исследования составляют герменевтический анализ текстов, сравнительно-исторический метод и феноменологический подход. Эти методы позволяют выявить как универсальный характер экзистенциальных категорий, так и их национальную специфику. Сопоставление с идеями европейского экзистенциализма делает возможным раскрытие общечеловеческого и уникально-казахского содержания данных категорий.

Ключевые слова: экзистенциализм, человеческое бытие, смысл жизни, свобода, совесть, честь, казахские мыслители.

N.Zh. Sarsenbekov, A.S. Sagatova

Existential categories in the works of kazakh thinkers

The article analyzes existential categories in the works of Kazakh thinkers, which reveal the specifics of the philosophical understanding of human existence within the context of the national spiritual tradition. The aim of the study is to demonstrate that the philosophy of Kazakh thinkers reflects not only the historical and cultural features of nomadic and Islamic civilizations, but also forms universal guidelines for comprehending human existence in the context of modern existential crises. In this regard, the ideas of Korkyt Ata, Al-Farabi, Ahmed Yassawi, Yusuf Balasagun, Abai Kunanbayuly and Shakarim Kudaiberdyuly are examined, focusing on the problems of human existence, the search for the meaning of life, freedom and choice, human responsibility for one's own being, as well as the categories of conscience, honor, and destiny. It is examined that in the legacy of Korkyt Ata, the motif of overcoming the fear of death and striving for eternity through art holds special significance; in al-Farabi's philosophy, the concept of the virtuous city and harmony among its inhabitants is emphasized as a condition of authentic being; in Ahmad Yassawi's Sufi philosophy, the ideas of the spiritual path (tariqat) and inner purification are central; while in Yusuf Balasagun's poem Kutadgu Bilig, such existential categories as justice, virtue, and the purpose of human life are identified and given a phenomenological interpretation. The methodological framework of the study consists of hermeneutic analysis of texts, the comparative-historical method, and the phenomenological approach. These methods make it possible to identify both the universal nature of existential categories and their national specificity. Comparison with the ideas of European existentialism makes it possible to reveal the universal and uniquely Kazakh content of these categories.

Keywords: Existentialism, human being, meaning of life, freedom, conscience, honor, Kazakh thinkers.

References

- 1 Nysanbaev, A. (1998). Tol dunietynym eleginen otkizgen [A worldview that has been sifted through]. *«Aqiqat» zhurnaly — Journal "Truth"*, 2, 5 [in Kazakh].
- 2 Kulsarieva, A. (2001). *XX gasyrdagy Batys filosofiyasynyn tarikhly* [History of Western Philosophy in the 20th Century]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 3 Baitenova, N., Kamalova, F., QantarbaevaZh., & Shimshek, V. (2019). Qorqyt ata Uly Dalaynyn kieli fenomenini retinde [Korkyt Ata as a sacred phenomenon of the Great Steppe]. *Al-Farabi: Aleumettik-gumanitarlyq zertteuler zhurnaly — Al-Farabi: Journal of Social and Humanistic Studies*, 2, 66 [in Kazakh].
- 4 Nysanbaev, A.N., & Nurmuratov, S.E. (2019). Dukhovno-tsennostnyye orientiry tiurkskoi i kazakhskoi mentalnosti [Spiritual and value guidelines of the Turkic and Kazakh mentality]. *Formirovaniye kazakhstanskoi identichnosti: problemy i perspektivy: sbornik materialov Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. — Proceedings of the Formation of Kazakhstan identity: problems and prospects: International Scientific and Practical Conference*. Almaty [in Russian].
- 5 Sarsenbin, U.K. (2008). Qazaq intelligentsiiasy aleumettik-madeni fenomenini retinde (aleumettik-filosofialyq taldau) [Kazakh intelligentsia as a socio-cultural phenomenon (socio-philosophical analysis)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Derbisalin, A. (1993). *Qorqyt ata: Ogyzdardyn batyrlыq eposy* [Korkyt Ata: The heroic epic of the Oghuz people]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 7 Bizhanov, M.A. (2020). Al-Farabi shygarmalaryndagy izgilikti qogam ideiasy [The idea of a virtuous society in the works of Al-Farabi]. *Shygystyn uly oishyly, «Aleminin ekinshi ustazy»: Abu Nasyr al-Farabidyn 1150 zhyldygyna arналган respublikalyq konferentsiia materialdary — Proceedings from the 1150th anniversary of the great think of the East, "The Second Teacher of the World" Abu Nasr al-Farabi: the Republican Conference* (pp. 28-32). Taldyqorgan [in Kazakh].
- 8 Ysqaquly, D. (2023). Gulama filofiasyndagy baqytty adam kontseptsiasy [The concept of a happy person in the philosophy of scholars]. *bilimdinews.kz*. Retrieved from <https://bilimdinews.kz/?p=115641> [in Kazakh].
- 9 Abu Nasyr al-Farabi. (2018). Qaiyrymdy qala. Muzyka turaly kitap [Kind City. A book about music]. *Aleumettik-etikalыq traktattar — Social and ethical treatises*. Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby [in Kazakh].
- 10 Al-Farabi. (1973). *Filosofialyq traktattar* [Philosophical treatises]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Al-Farabi. (2015). *Baqyt turaly kitap* [A book about happiness]. Almaty [in Kazakh].
- 12 Altaev, Zh.A. (2023). Al-Farabi bilik filofiasy [Al-Farabi's philosophy of power]. *al-farabi.kaznu.kz*. Retrieved from <https://al-farabi.kaznu.kz/?p=71> [in Kazakh].
- 13 Balasagun, Zh. (2021). *Qutty bilik* [Blessed knowledge]. Almaty: «BRK Press» [in Kazakh].
- 14 Cuneyt A., & Ozkan O. (2017). Qutty biliktegi adamdyq pen adaldyq [Values of Honesty and Integrity in Kutadgu Bilig]. *Bilig, Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi — Bilik: Journal of Social Sciences of the Turkic World* [in Kazakh].

- 15 Nysanbaev, A. (1998). Diuani Khikmet danalyq qazynasy [Diwani Hikmet is a treasure trove of wisdom]. «*Aqiqat*» zhurnaly — *Journal "Truth"*, 7, 24–32 [in Kazakh].
- 16 Kalın İ. (2017). Hoca Ahmed Yesevi, Hüküm ve Hikmet [Khoja Ahmed Yasawi, Judgment and Wisdom]. *Bilig. Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi — Bilik: Journal of Social Sciences of the Turkic World*, 1–14 [in Turkish].
- 17 Nuryшева, G.Zh. (2002). Adam omiri mani maselesinin qazaq filosofiyasyndagy korinisi [The reflection of the problem of the meaning of human life in Kazakh philosophy]. *PhD thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 18 Sarsenbekov, N. (2021). Akhmet Yassauı khikmetterinin ekzistentsialyq sipaty [The existential nature of Ahmed Yassawi's wisdom]. *Adam alemi — Human world*, 90, 4, 43–52 [in Kazakh].
- 19 Ysasauı Kozha Akhmet. (2000). *Diuani khikmet (Danalyq kitabı)* [Yasawi Khoja Ahmed Diwani Hikmet (Book of Wisdom)]. (K. Kari, G. Kambarbekova, Trans). R. Ismailzade (Ed.). Tegeran: «Al-Khuda» khalyqaralyq baspasy [in Kazakh].
- 20 Sarsenbekov, N., & Abdina, A. (2023). Ahmet Yesevi'nin hikmetlerindeki varoluş kategorileri yorumuna yönelimsel yaklaşım [A tendentious approach to the interpretation of existential categories in the wisdom of Akhmet Iassawi]. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi — Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal*, 106, 265–276 [in Turkish].
- 21 Zhirezhin, A. (Ed.) (1961). *Abai Qunanbaev shygarmalarynyn bir tomdıq zhinagy* [A one-volume collection of works by Abai Kunanbayev]. Almaty [in Kazakh].
- 22 Tursynbaeva, A. (2005). Abai dunietyanynyn ekzistentsialdyq sipaty [The existential nature of Abai's worldview]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 23 Heidegger, M. (2003). *Bytie i vremia* [Being and time]. (V.V. Bibikhina, Trans). Kharkov: «Folio» [in Russian].
- 24 Kudaiberdiev, Sh. (1991). *Shygarmalary: olender, dastandar, qara sozder* [Works: poems, epics (dastans), and words of edification (prose)]. Almaty: «Zhazushy» [in Kazakh].
- 25 Sarsenbekov, N.Zh. (2024) Qazaq dunietyanynyn ekzistentsialdy tolganystary [Existential reflections of the Kazakh worldview]. *PhD thesis*. Astana [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Сарсенбеков Нурсултан — PhD, қауымдастырылған профессор, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2224-1775>

Сағатова Әсем — философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-7283-9380>

Information about the authors

Sarsenbekov Nursultan — PhD, Associate Professor, Abylqas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2224-1775>

Sagatova Assem — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7283-9380>